

2. Міндеттері

Білімдік:


- Зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау және сөйлеуді диагностикалай отырып қалыптастыру.

Дамытушылық:

- Зейін тұрақтылығын арттыру;
- Көру арқылы қабылдауды дамыту;
- Логикалық ойлауды жетілдіру.

Түзетушілік:

- Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- Сөздік қорын байыту;
- Нұсқауды орындау қабілетін қалыптастыру.



3. Сабақ барысы

1. Бастапқы кезең:

- Оқушының аралық диагностика нәтижелерін талдау;
- Сабаққа дайындығын тексеру.

2. Негізгі бөлім:

- Зейін, қабылдау және есте сақтау жаттығулары өткізу;
- Логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар беру;
- Сөйлеу дағдыларын дамыту бойынша нұсқаулықтар мен тапсырмалар орындау;
- Байланыстырып сөйлеу және сөздік қорын арттыру бойынша жаттығулар жүргізу.

3. Қорытындылау:

- Сабақ барысында алынған нәтижелерді аралық диагностикамен салыстыру;
- Оқушының танымдық белсенділігін және жетістіктерін бағалау;
- Келесі сабаққа түзетулер мен ұсыныстар беру.

4. Күтілетін нәтижелер

- Оқушының зейіні, қабылдауы және сөйлеу дағдыларының көрсеткіштері жақсарды;
- Танымдық белсенділік артты;
- Логикалық ойлау және байланыстырып сөйлеу дағдылары дамыды;
- Сөздік қорын байытуға мүмкіндік туды;
- Нұсқауды орындау қабілеті жетілді.

5. Қорытынды

Аралық диагностика негізінде өткізілген жеке сабақ оқушының негізгі танымдық белсенділігін арттырды. Зейін, қабылдау және сөйлеу көрсеткіштерінің оң динамикасы анықталды. Сабақ оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді және нәтижелі өтті.

Тақырыбы: «Ойын технологияларын қолдану арқылы сөйлеу тілін дамыту»

Іс-шара: Ашық логопедиялық ойын сабағы

Күні: 30.01.2026 ж.

Қатысушылар: Балалар

Ұйымдастырушы: Педагог-логопед – Дюсембекова Ф.А.

1. Сабақтың мақсаты

- Балалардың сөйлеу тілін дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларын жетілдіру;
- Танымдық белсенділігін арттыру.

2. Сабақтың міндеттері

- **Білімдік:** Сөйлеу тілін дамытуға арналған ойын тапсырмаларын ұйымдастыру;
- **Дамытушылық:** Зейін, қабылдау, есте сақтау және жылдамдыққа арналған ойындар арқылы ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- **Түзетушілік:** Сөйлеу белсенділігін арттыру, дұрыс дыбыстауды қалыптастыру;
- **Әлеуметтік-коммуникативтік:**



Коммуникативтік дағдылар мен топтық өзара әрекеттесуді дамыту.

3. Сабақ барысы

1. Іс-шараны ашу:

- Педагог-логопед кіріспе сөз сөйледі;
- Сабақтың тақырыбы мен мақсаты түсіндірілді.

2. Негізгі бөлім:

- Логопедиялық ойын технологиялары бойынша жүйелі тапсырмалар өткізу;
- Зейін, қабылдау және сөйлеу белсенділігін арттыруға арналған жылдамдыққа бағытталған ойындар ұйымдастыру;

- Сергіту сәтін өткізу арқылы балалардың көңіл-күйін көтеру және оқу процесінің тиімділігін арттыру;
- Топтық ойындар арқылы коммуникативтік дағдыларды дамыту.

3. Қорытындылау:

- Сабақ қорытындыланып, балалардың алған тәжірибесі мен жетістіктері бағаланды;
- Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру бойынша педагогикалық ұсыныстар берілді.

4. Күтілетін нәтижелер

- Балалардың сөйлеу тілінің сапасы жақсарды;
- Коммуникативтік дағдылар дамыды;
- Танымдық белсенділік артты;
- Зейін, қабылдау және жылдамдыққа бағытталған ойлау қабілеттері жақсарды;
- Оқу процесінде белсенділік пен қызығушылық артты.

5. Қорытынды

Ашық логопедиялық ойын сабағы тиімді өтті. Ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілі, коммуникативтік дағдылары және танымдық белсенділігі артты. Сабақ барысында сергіту сәті ұйымдастырылып, оқу үдерісінің тиімділігі мен педагогикалық ықпалы күшейтілді.

<https://www.instagram.com/reels/DUIPognjQ6H/>

Іс-шара: «ІШСҚ апталығының жабылу салтанаты»

Күні: 30.01.2026 ж.

Қатысушылар: Мектеп оқушылары

1. Іс-шараның мақсаты

- Балалардың көңіл-күйін көтеру;
- Қатысушылардың белсенділігін арттыру;
- Апталық аясында жеткен психологиялық-педагогикалық нәтижелерді қорытындылау;
- Мектептегі жағымды әлеуметтік ахуалды сақтау және нығайту.

2. Іс-шара барысы

1. Іс-шараны ашу:

- Ұйымдастырушылардың кіріспе сөзі;
- Апталықтың негізгі мақсаттары мен жетістіктерін қысқаша баяндау.

2. Негізгі бөлім:

- Балаларға арналған көңіл-күйді көтеруге бағытталған ойындар ұйымдастыру;
- Жеке және топтық ойындар арқылы балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- Қатысушылардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру.



3. Қорытындылау:

- Ойындардан алған әсерлерін балалармен бөлісу;
- Жеткен нәтижелерді қорытындылау;
- Апталықтың жабылуы мен алғыс сөздер.

3. Күтілетін нәтижелер

- Балалардың көңіл-күйі көтерілді;
- Қатысушылардың белсенділігі артты;
- Апталық барысында қалыптасқан достық және ынтымақтастық атмосферасы сақталды;
- Жағымды эмоциялар мен көтеріңкі көңіл-күй қамтамасыз етілді.

4. Қорытынды

ППСҚ апталығының жабылу салтанаты қызықты әрі нәтижелі өтті. Балалар ойындарға белсенді қатысып, жағымды эмоция алып, көтеріңкі көңіл күйде болды. Іс-шара мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау мен жағымды әлеуметтік атмосфераны нығайтуға оң әсер етті.

<https://www.instagram.com/reel/DUPxILcjbL5/>

Қорытынды

2026 жылдың 26–30 қаңтар аралығында өткен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің апталығы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Апталық аясында оқушыларға, ата-аналарға және педагогтерге арналған түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізіліп, психологиялық қолдау көрсету, құқықтық сауаттылықты арттыру, инклюзивті білім беру аясындағы жұмыстарды жетілдіру және қолайлы әлеуметтік-психологиялық орта қалыптастыру бағытында

жүйелі жұмыстар жүргізілді. Апталық барысында ұйымдастырылған тренингтер, сабақтан тыс іс-шаралар, жеке түзету сабақтары, логопедиялық және дефектологиялық жұмыстар қатысушылардың белсенділігін арттырып, өзара сенім, сыйластық және ынтымақтастық атмосферасын нығайтуға ықпал етті. Ата-аналар психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жолдарымен танысып, тәжірибелік кеңестер алды. Оқушылардың құқықтық мәдениеті, коммуникативтік дағдылары, эмоционалдық тұрақтылығы мен танымдық белсенділігі дамыды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, сөйлеу және әлеуметтік бейімделу дағдыларының оң динамикасы байқалды. Педагог-ассистент, дефектолог және логопед мамандарының кәсіби қолдауы арқылы оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасалды.

Апталықтың ашылу және жабылу салтанаттары мектеп ұжымының бірлігін арттырып, жағымды көңіл күй мен психологиялық қолдау атмосферасын қалыптастырды. Жалпы алғанда, ПІСҚ апталығы білім алушылардың психологиялық саулығын қолдауға, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және инклюзивті әрі қолайлы білім беру ортасын дамытуға оң әсерін тигізді.

Жалпы қорытынды

2025–2026 оқу жылы барысында педагог-психологтың жұмысы жоспарға сәйкес барлық негізгі бағыттар бойынша жүйелі түрде ұйымдастырылып, білім алушыларға, педагогтерге және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталды. Оқу жылы ішінде диагностикалық, түзету-дамыту, кеңес беру және алдын алу жұмыстары жүргізіліп, білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық орта қалыптастыру және тұлғалық дамуына ықпал ету міндеттері жүзеге асырылды. Жүргізілген психодиагностикалық зерттеулер нәтижесінде интернет-тәуелділік, эмоционалдық тұрақсыздық және психологиялық қолдауды қажет ететін жекелеген оқушылар анықталып, олармен жеке сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылды. Буллингтің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, ҰБТ-ға психологиялық дайындық, ата-аналармен және педагогтермен ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі тренингтер, кездесулер, кеңестер мен профилактикалық іс-шаралар өткізілді. ПІСҚ апталығы аясындағы жұмыстар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, эмоционалдық тұрақтылығын, өзара сенім мен әлеуметтік бейімделуін дамытуға оң әсерін тигізді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен жүргізілген түзету-дамыту сабақтары олардың танымдық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларының дамуына ықпал етті. Сонымен қатар педагог-психолог кәсіби даму бағытында облыстық семинарларға қатысып, «Цифрлық әлем және мен» авторлық жобасын жүзеге асырды. Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылындағы педагог-психолог қызметі нәтижелі деп бағаланып, білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау мен қолдау жұмыстарының тиімділігі байқалды.

| Жылдар | «Үздік психолог» байқауы | «Үздік психолог кабинеті» байқауы | Жариял анымдар | Баяндамалар (аудан, облыс, Республика) | Авторлық жобалар | Байқау, конференция вебинар мен семинарларға қатысу | Ескертпе |
|-----------|--------------------------|-----------------------------------|----------------|--|---------------------------|--|----------|
| | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ |
| 2025-2026 | Облыстан қатысқаны үшін | | | | 1 – Цифрлық әлем және мен | Облыстық деңгейде семинар ІПСК жұмысы, суицид тақырыбы | |

Мектеп директоры

Алкенова Н.А.

Педагог-психолог

Жумашиова Ж.О.

